

Балдәурен NEWS

Балалар мен жасөспірімдер
журналы

"Жүректен жүрекке"
сүйіспеншілік пен қамқорлық
челленджі



1 - ауысым 2022 жыл
(ауысым сайын)

Қапшағай қ.



ДЖАЛАЕВА Ляззат Ахимбековна
Қапшағай қаласы “Балдәурен”
РОСО кешен басшысы

Жанашырлыққа - жан риза

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» дейді халық даналығы. Қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске үлескер болу - әрбір адамның азаматтық парызы.

Абайдың он төртінші қара сөзіне жүгінетін болсақ, «Нағыз жүрек ісі рақымдылық, мейірбандылық және әртүрлі істе адам баласының бәрін өзіне тартып, бауырым деп, өзіңе ойлағандай оларға да болса игі еді» делінген.

Қапшағай қаласы «Балдәурен» РОСО 2022 жылдың 1-ауысымын игі істердің бастауы ретінде «Жүректен жүрекке» сүйіспеншілік пен қайырымдылық челленджі тақырыбында өткізді. Осы бастама барысында еліміздің әр түкпірінен ауысымға жиналған балалар бір-бірімен жақсылық жасау, мейірімділік, ерікті түрде көмек беру және еріктілер қатарында болуға шақыру мақсатындағы шараларға қатысып 20 күндік демалыстарын сапалы өткізді.

Орталықта өткен әр ауысым туралы шығарылатын “Балдәурен NEWS” балалар мен жасөспірімдерге арналған ауысым журналының алғашқы нөмірін назарларыңызға ұсынамыз.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің бір асылы-жомарттық, кеңпейілдік. Қайырымды болу арқылы біз өскелең ұрпақты осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің Отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға үйретеміз.



ХАДЖИМУХАНОВА Жаркынай Биболатқызы
Қапшағай қаласы «Балдәурен» РСО кешен
басшысының оқу мен тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

Рухание тәрбие - **құндылық мәні**

Қазіргі жастарымыз ғылыми-техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі – компьютер дәуірінде өмір сүріп жатыр. Өкінішке орай, жаһандану үдерісі жастардың санасын тез жаулап алып, ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарының өзгеріске ұшырауына әкелді. Өскелең ұрпағымызға рух қажеттілігі, рухани азық жетіспейтіні анық. Осындай жағдайда рухани құндылықтардан, адамгершілік қасиеттерден ажырап қалмас үшін жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды сабақтастықпен жеткізу - біздің борышымыз.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы — оның ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары және халықтық педагогикасы болып табылады.

Оқу-сауықтыру орталығымыздың әрбір ұстазы халқымыздың отаншылдық, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық сияқты құндылықтарын жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін аянбай еңбек етуде.

Қапшағай қ. «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығында баланың бойындағы асыл қасиеттерінің ашылуына, рухани адамгершілік құндылықтарының дамуына ықпал ететін көптеген іс-шаралар кеңінен ұйымдастырылуда.

Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Мектеп – білім берумен қатар, тағылымды тәлім-тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы болғандықтан, кез-келген оқу пәні балалардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлқын қалыптастыру құралы бола алады.

Балаларды 20 күндік демалысын тәрбиелік жағынан ұтымды да пайдалы өткізу үшін, ұстаздарымыз «Құндылық минуты» жобасын жүргізуде. «Құндылық минуты» жобасы оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету мақсатында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, ҚР өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жүзеге асыруға жоспарланған жоба.

«Құндылық минуты» жобасының мазмұны ұстаздың шеберлігімен ұштасқан шәкірттің ішкі жан-дүниесін жаңартып, рухани азық болып, жарқын құбылыстарға жетекші бола бермекші деп сенудемін.

Рухани азықты бойына сіңдіре білген, оның дәмін татып мейірін қандырған адам ғана бұл дүниенің қызыл-жасылына қызықпай, өмірден өзінің нақты орнын табады. Сонда ғана ол өзінің адам деген атына заты сай көзі ашық, көкірегі ояу кемел дәрежесіне жетеді. Бұндай тұлға ғана ол өз еліне қызмет етіп, туған елін, жерін қорғай алады.



СҮЛЕЙМЕН Олжас Елтайұлы
Қапшағай қаласы «Балдәурен»
республикалық оқу – сауықтыру
орталығының аға ұйымдастырушы-
ұстазы, «Дарынды балаға – талантты
ұстаз» республикалық байқауының II
орын иегері

«Жастар» - жаңа жолды бастар

*"Жүректен жүрекке"
сүйіспеншілік пен қамқорлық*

Үйрете жүріп, үйренеміз.

«Жастар» педагогикалық отряды деген кімдер? Балалар бақыт ордасына айналған «Балдәурен» арман аралының – жүрегі. Ұйымдастырушы-ұстаз – жол көрсетуші, көшбасшы. «Жастар» ПО ол белгілі бір мамандық иелері емес, олар жан-тәнімен ұстаздық жолға келген, балалармен жұмыс істеуде жан аямайтын ерекше бақытты адамдар. Сонымен қатар, ұйымдастырушы-ұстаз – баланың адам болып қалыптасуына әсер ететін тұлға. Ұйымдастырушы-ұстаздың табысты жұмысы, әрине, жасына сай жеке ерекшеліктеріне, жұмыс өтіліне, адами құндылықтарына, педагогикалық технологияларды меңгеру деңгейі мен жеке қасиеттеріне байланысты.

«Балдәурен» деген сөзді естіген әрбір бала, сөзсіз «Жастар» ПО көзіне елестетеді. «Балдәурен» - балалар арман аралы болса, балалар – арман аралының тынысы «Жастар» ПО «Балдәуреннің» жүрегі іспетті. Барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. «Жастар» ПО күн демей, түн демей бар уақытын балаларға арнайды. Олардың өмірі, қызығушылығы, отбасы, шабыты мен шаттығы – балалар.

Ұйқысыз өткен талай түндер мен күндерге осынша ма энергия мен күшті қалай алады десеңізші! Иә, олардың қуат көзі, көз қуанышы, ол – балалар. Балалардың шынайы күлкісі, алғысы «Жастар» педагогикалық тобының жұмысына деген шынайы махаббат пен жаңа леп сыйлайды.

Олар біліктіліктері мықты мұғалімдер, өздері көшбасшы, психолог, актер, режиссер, биші. Өздері ересек болғанымен, жүректері баланикіндей. Демалыс кезінде балаға – бауыр, аға, әпке, ата-ана, керек кезде досың. 2002 жылғы қараша айының 27-ші жұлдызында құрылған «Жастар» педагогикалық тобының құрамында қазіргі таңда еліміздің әр өңірінен жиналған дарынды, арманшыл, ниеттері таза, өнерлі, көздерінен жалын көрінетін адамдар жұмыс атқарады.

«Жастар» педагогикалық тобының мақсаттары анық, қадамдары нық, көздері оттай, өздері шоқтай, ақын М. Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты». Екі сөзінің бірі баланың қуанышы, таңын бала деп атырып, кешін бала үшін батыратын ұйымшыл жанұя. Армандары асқақ, талаптары таудай - бұл «Жастар»



«Жаксылық жасайық» визитка қорғау кеші

Визитка қорғау кеші балалардың топ болып өнер көрсетіп, байқауға түсетін алғашқы сайыстары болып саналады. Визитка қорғау кешінің негізгі мақсаты: балалар арасындағы ұйымшылдықты, достықты нығайту, сахна мәдениетін үйрету және өнерге деген қызығушылығын арттыру.



Визитка қорғау кешінде балалар сахнада амандасу, топтың аты, ұран, санамақ және топтың әнімен таныстырулары тиіс. Қосымша ретінде киім үлгісі, шығу, сахнада орналасу мен ерекшеліктері ескерілді. Әділ – қазылар алқалары

сайыс барысында топтың бірегейлігіне, ерекшелігіне, сөздің мағынсына, кретивтілікке басты назар аударып, жеңімпаздарды анықтады. Жеңген топ мадақтама және кубокпен марапатталса, ұйымдастырушы – ұстаздар медальмен марапатталды.

Визитка қорғау кеші алғашқы сайыс болғаннан кейін балалардың ойында ұзақ уақыт саталатын болады, соған байланысты көп

дайындық пен идеялар ойластырылады. 1-ауысымның жеңімпаздары үлкен топтар арасында «Shetel» атты 9-топ, ұйымдастырушы – ұстазы Қоңырбай Фариза, кіші топтар арасында «Жай ғана «БАҚЫТ» атты 5-топ, ұйымдастырушы – ұстазы Саметов Дәулет.



2022 жылдың 1-ауысым президентіне үміткерлермен танысу

Әр ауысым сайын дәстүрлі түрде ауысымға келген балалар арасынан ең белсенді деген балалар іріктеліп алынып «Өзін-өзі басқару ұйымы» құрылады. Ұйым құрылымы бойынша: президент, премьер-министр және министрлерден тұрады. Ұйымның мақсаты: балалар демалысын қызықты өтуіне ықпал жасай отырып, балалардың тәртібіне, тыныштықты, тазалықты сақтауына көмектесу.



Осы ауысымдағы үміткерлер өте белсенді, алғыр, білімді болды. Ұйымға топтың ішінен белсенділігі және алғырлығын көрсете алған балалар іріктелініп алынды. Үміткерлермен танысу кешінде үміткерлер өздерін таныстырып, ауысым барысындағы жоспарларымен таныстырып өтті. Танысу аяқталғаннан кейін жасырын түрде дауысы беру болды. Дауыс беруші балалар өз тобындағы үміткерге дауыс бере алмайды. Ең көп дауыс жинаған үміткер президент, екінші адам премьер-министр, қалған үміткерлер министр болып танылады. Ауысым президенті кім болғаны ауысымның ашылу салтанатында ғана белгілі болады.



2022 жылдың 1-ауысымының ашылу салтанаты

Ауысымның ашылу салтанаты - әр ауысымда дәстүрлі түрде өткізілетін ресми іс-шара. Ашылу салтанатының ерекшелігі – орталыққа келген балалар алғашқы 3 күнде Балдәуренге үйреніп, заңдар мен ережелер түсіндіріліп, орталық қызметкерлерімен танысып, үйреніп кеткеннен кейін ресми түрде балдәурендік атанатын болады.



Ашылу салтанаты барысында кеш ауысым тақырыбына сай кішігірім қойылыммен басталды.

1-ауысым қамқорлық пен сүйіспеншілік ауысымы болғаннан кейін қойылым мәні де жақсылық жасау, қамқор болу, көмек көрсету секілді сезімдерді ашу болды.

Демалушыларды кешен басшысы Джалаева Л.А. құттықтап, демалыстарының сәтті өтуін тілеп, 1-ауысым президенті болған Шығыс Қазақстан облысынан келген 8-топ демалушысы Қалиханов Нұрдәулетті марапаттады. Ауысым жоспар-кестеге сай қызықты шаралармен, қамқорлық пен жақсылық нұрына бөлеп балалар есінде қалады деген үміттеміз.

“Мектеп-кеме, білім-теңіз” мектеп презентациясы

Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының мектебі демалушы жас достарға қаңтар айының 24-жұлдызында есігін айқара ашты. Білім кешенінің басты мақсаты - білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм негіздерін қалыптастыру, Отанға деген құрмет пен махаббат, рухани-патриоттық сезімдерін тәрбиелей отырып, жасөспірімдер арасында көшбасшылық қасиеттерді дамыту.



Мектеп презентациясында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының тарихы мен балғындарға сабақ беретін пән мұғалімдері, сынып жетекшілер таныстырылды. Патриоттық рухтағы әсем ән де шырқалды. Презентация соңынан әр бала өз сынып жетекшісімен сынып сағаттарына мектепке жол тартты.

«Жалынды Жастар» ұйымдастырушы – ұстаздармен танысу кеші

Балалар орталыққа келген уақыттан бастап балаларды қарсы алып, оларға қызықты демалыс сыйлауда «Жастар» педагогикалық тобы үлкен рөл атқарады. Балалардың қасында 24 сағат бойы болып, қамқорлық көрсететін жандар болғандықтан, «Жастар» тобы балалар есінде ұзақ уақытқа сақталып қалады. Демалыстың жақсы өтуі балалар мен ұйымдастырушы-ұстаздардың белсенді әрекеттеріне байланысты. «Жастар» тобымен танысу кешінде балалар ағай-апайларын жаңа қырынан көріп, қолдарынан келетін өнерлерімен таныс болады. Әр ауысым сайын ұйымдастырушы – ұстаздармен танысу кеші өте көңіл, қызықты, ерекше болып өткізіледі. Кеш кішігірім қойылыммен басталды, әрі қарай көңілді билер, ырғақты ән, ерекше өнерлермен жалғасты. Концерт барысында ұйымдастырушы-ұстаздардың сахнада беріліп ойнау, ал балалардың ағай – апайларын қолдауы бір – бірлеріне деген ықыластың белгісі болып табылады. «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші қызықты да әсерлі өтті.



«Жаңа жыл – бақытты күндердің бастауы» туған күн иелерін құттықтау және жаңа жылдық қойылым

Туған күн және жаңа жыл балалардың асыға күтетін мейрамдары болып табылады. Балалар туған күндерін ата – анасы мен достарынан алыста өткізетін болғандықтан, туған күн иелеріне жақсы көңіл – күй сыйлау мақсатында әр ауысым сайын туған күн иелерін құттықтау кеші өткізіледі. Концерт қойылып, мадақтама мен сыйлықтар сыйланады.



1-ауысымда ескі жаңа жыл мерекесімен тұспа – тұс келуіне байланысты осы ауысымда екі мейрамды біріктіріп, керемет мерекелік қойылым болды. Қойылымда қазіргі танда балалар арасында ықыласқа ие «Марвел», «Дисней», «Фиксики», «Семейка Крудс», «Алладин» кейіпкерлері және тик – ток желісіндегі қызықты фишкалар алынып қойылды. Қойылым балаларға ерекше сезім қалдырды. Ал, туған күн иелері мадақтама қағазын және орталық атынан қыш құмыралар сыйға алды.



«Ауысым дарабозы» зияткерлік ойыны

Мектеп қабырғасында, оқушы бойына білімді дарытудың әр түрлі әдіс-тәсілдері бары сөзсіз. Сол әдістердің қатарына түрлі олимпиадалар, сыни тұрғыдан ойлауға бағыттайтын, логикалық шапшаңдықты дамытатын зияткерлік ойындар да кіреді. Осы орайда, «Жүректен жүрекке» сүйіспеншілік пен қамқорлық челенджі атты 1-ауысым аясында, білім кешені мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ауысым дарабозы» атты зияткерлік ойын өтті.

«Ауысым дарабозы» зияткерлік ойынының сұрақтары жаратылыстану-математика пәндерінен бағыт алған. Ойын мақсаты – ынталы да талапты, алғыр оқушыларды анықтау, оларды ізденуге, жылдам ойлауға баулу арқылы жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру, білімдерін толықтыру болып табылады. Қатысушылардан бөлек, көрермендердің математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында, математикадан логикалық сұрақтар - фокус ретінде ұсынылды. Қатысқан 8 оқушының ішінде: I дәрежелі диплом және «Ауысым дарабозы» атағына 9 «В» сынып оқушысы Марат Асанәлі ие болды. II дәрежелі диплом иегері 9 «Б» сынып оқушысы Ершат Ажар. Ал III дәрежелі дипломмен 9 «Г» сынып оқушысы Ажикулан Азамат марапатталды. Ойынның қалған қатысушылары белсенділік көрсеткендері үшін сертификаттармен марапатталды. Тартысты ойында білімдерін ортаға салып жеңіске жеткен сайыскерлерімізді құттықтай отырып, болашақта биік белестерден көріне берулеріне тілектеспіз!



«Олимп шыңы» спорттық мерекесі

«Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» демекші орталықта балалардың салауатты өмір салтын сақтауы, спорт жағынан қалыспай, қызығушылықтарын оятуға тырысады. Сол мақсатта



2 күн аралығында «Олимп шыңы» атты спорттық жарыстар өткізілді. 1-күн командалық жарыстар болды. Оның ішіне эстафета, садақ ату, үстел тенісі, тоғызқұмалақ, дойбы, арқан тартыс кіреді. 6 спорт түрінен ең көп бал жинаған топтың балалары жеке мадақтама

және кубокпен марапатталды. Ал екінші күні балалар арасында жекелей біріншіліктер өтті. Спорттық мерекеде әр бала өзі үшін сайысып, жеңген балалар мадақтамамен марапатталды.



Олимпия ойындары өте қызықты өтті. Балалар барынша тырысып, бір – бірінен қалыс қалмай, соңына дейін жарысып жатты. Нәтижесінде осы ауысым жеңімпаздары кіші топтар арасында 5-топ, ұйымдастыру – ұстазы Саметов Дәулет және үлкен топтар арасында 11-топ, ұйымдастырушы – ұстазы Қайсахан Диас.

«Достығымыз жарассын» хор байқауы

Әр ауысым барысында әр түрлі шығармашылық сайыстар мен байқаулар жоспарға қойылады. Сондай байқаулардың бірі «Достығымыз жарассын» атты хор байқау болатын. Сайыс ережесі



бойынша әр топ достық туралы әндерді хор ретінде орындап, ерекшеліктер қосуы арқылы жеткізуі тиіс еді. Жауапты: Жүзболат Нұрсұлтан. Байқауға барлық топ жақсы дайындалған. Байқау барысында өздерін белсенді, көңілді, жақсы жақтарынан көрсете алды. Тандалған әндеріне сай киім үлгілері, ерекше

атрибулттар мен іс – қимылдар қолданды, әдемі шығу түрі де болды. Көрсеткен өнерлеріне лайықты жүлдері орындарына ие болды. Үлкен топтар арасында I орын иеленген 8 – топ, ұйымдастырушы – ұстазы Шертаева Маржан. Кіші топтар арасында 5 – топ,



ұйымдастырушы – ұстазы Саметов Дәулет. Байқау балаларға өте ұнады, балалар үшін ерекше сайыс түрі болды.

«Ұшқыр ой мен шешен тіл» зияткерлік ойыны

Мұғалімнің міндеті - рухани тәрбие жұмыстарын кең ауқымда ұйымдастыру, өз елінің мәдени және тарихи дәстүрлерін ғана емес, сонымен бірге тарихи оқиғалардың еліміздің және оның халқының өміріндегі маңыздылығын оқушылар тұратын аймақты ескере отырып, іс-шаралар жоспарлау.

Осы ауысымда осы бағыттағы жоғары дәрежеде өткен іс-шаралардың бірі- «Ұшқыр ой мен шешен тіл» мақал-мәтелге байланысты зияткерлік ойыны болды.



Зияткерлік ойынның мақсаты – оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру, топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулу. Алғаш рет басқа форматта болып өткен бұл зияткерлік ойын өте қызықты да тартысты өтті.

Шараға қатысушылар бұл идеяны өзінің достарына мақал-мәтел арқылы шебер жеткізе білді.

Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Әр кезеңнің өзіндік қиындықтары да, қызықтары да болды. Балалардың дәл осы сайыста өте білімді, әрі зерек екеніне куә болдық. Үш кезеңді қорытындылай келе жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен марапатталды. Осындай қызықты шараларға толы бұл ауысымның оқушыларға берері көп болғанына сеніміміз мол.

«Өнегелі оқушы» зияткерлік ойыны

Ауысым жоспарына сай білім кешені ұйымдастырған «Өнегелі оқушы» атты зияткерлік сайысы өтті. Сайыс 8-9 сыныптар арасында болды. Зияткерлік сайыстың мақсаты - оқушыларға қазақ салт-дәстүрдің озық үлгілерін насихаттап, ұлттық тәрбие беру.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, ырымдары,



әдет-ғұрпы біздің асыл қазынамыз. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт – дәстүрлерімен, ырымдарымен, той – мереке, тағы басқа да жөн - жоралғыларымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата - бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартып келесі ұрпаққа жеткізу біздің өз

қолымызда. Бұл зияткерлік сайыстың нәтижесі- оқушылардың салт - дәстүрге деген қызығушыларын оятты. Әділ бағалаушы әділ- қазылар қазақ тілі пәнінің мұғалімі , көркем еңбек пәнінің мұғалімі және ғылыми - әдістемелік бөлім әдіскері, ауысым кураторы болды.



Әділ-қазылар қатысушыларымызды көрсеткен білімдерін, тапқырлықтары мен шапшаң логикалық ойлау қабілеттерін ескере отырып марапаттады.

«BariKeldi» ток – шоуы

Қазіргі таңда теледидар немесе ақпарат құралдар арқылы көрсетілімге әр түрлі ток – шоулар шығуда. Олардың басты ерекшелігі адамдарға күлкі мен жақсы, көтеріңкі көңіл – күй сыйлауында. Балаларға көңіл – күй сыйлау мақсатында орталығымызда

«BariKeldi» ток – шоуы шығарылған болатын.

Ток – шоу шартты бойынша әр топтан белсенді 2 баладан таңдалып, 2 команда құрылады.



Командаға әр түрлі тапсырмалар беріп, дұрыс орындаған жағдайда тиісті ұпайларын беріп отырады. 2 команданың біреуі ғана жеңіске жетеді. Жалпы 4 кезеңнен тұрады, әр кезең әр – түрлі тапсырмалар. Тапсырма орындаудағы басты шарт – командалық жұмыс.

Ақын Ақберен Елгезекпен кездесу

Ауысым қатысушылары жаңа ғасырдың жанашыл ақыны, қазақ поэзиясы әлеміне ерекше өрнек, бөлек ой алып келген әдебиет әлемінің тұлғаларының бірі - Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстан «Серпер» жастар сыйлығының, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың және Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының, «Алтын қалам» қоғамдық сыйлығының иегері Ақберен Елгезекпен кездесті.

Кездесу барысы балалармен ақынның еркін форматта сұхбаты ретінде өткізілді. Ақын өзінің балалық арманы, хоббиі, ақындық жолға қалай келгені, бүгінгі жастарға айтар өсиеті мен мотивациясы туралы, бүгінде атқарып жатқан жобалар мен игі істері туралы ой бөлісті.

Орталық кітапханада 1 – ауысымның 10 баласына «Болмаған балалық шақ» кітабын қолтаңбасымен сыйға тартып, оларға ағалық ақылын, ақындық жолдың қыр-сырымен ой бөлісті.

Жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлының әр кезде басты сабақ боларлық түйінді қорытындысы мынадай «Жастарымыз



отаншыл болсын ... Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырлармен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам патриот, отаншыл болады» деген

болатын. Сол сияқты Отансүйгіштік және сонымен қатар тарихымыздың біртуар ұлдарының өмір жолы мен жетістіктеріне терең үңіліп, сүйсіну, талдау жасап қана қоймай, Ақберен ағамыздай өз отанының жанашыры болуға, қойған мақсаттарға талпынуға деген құлшыныс туары хақ.

Кездесу жастардың бойына рух сыйлап, әдебиет пен өнерге деген қызығушылықтарын арттырды.

2022 жылдың 1-ауысымының жабылу салнатынаты



2022 жылдың 1-ауысымы да өз мәресіне келіп жетті. Ауысым балалар үшін қызықты, көптеген еселіктерге толы, мейірімге толы ерекше ауысым болды. Ауысым барысында түрлі іс – шаралар, зияткерлік ойындар, спорттық жарыстар, танымдық кештер,

қызығушылық үйірмелер, ССТМ ұйымдатырылды. Ауысымның



жақсы бағытта өтуіне ат – салысқан орталық қызметкерлердің де еңбегі орасан. Жабылу салнатында белсенді балалар, ауысымның «Өзін – өзі» басқару ұйымының мүшелері және патриот балалар марапатталды.

Патриоттық ұйымға мүше болған балалар:

Омаржан Айкен (Алматы облысы), Серікқызы Аяулым (Алматы қаласы), Орынбасар Ақерке (Түркістан облысы), Қалиханов Нұрдәулет (Шығыс Қазақстан облысы).

Келесі ауысымға сәттілік!

«Good bye, Baldauren!»

гала концерт

Орталықта ұйымдастырылған барлық іс – шаралар балалардың көңілінен шығу, қызықты естеліктер сыйлау, жоғарғы



көңіл – күй сыйлау мақсатында жасалған болатын. Сол себепті әр концерт, әр кеш балалардың есінде ұзақ уақыт бойы ыстық естелік болып сақталады деген сенімдеміз. Гала концерт ауысымның

соңғы әрі қорытынды концертті болып табылады. Осы концерт барысында балалар ән айтып, би билеп, ойындар ойнатылды.

Концерттің тағы бір ерекшелігі, концерт барысында ауысымда өткен іс – шараларға шолу жүргізіп, өткен қызықты сәттермен бөліседі. Концерт соңы «Жастар» ПО әуенімен аяқталады. Ауысым барысында



жүргізілген БДА ойынының жеңімпаздары анықталып, марапатталды. Балалардың орталыққа және орталық қызметкерлеріне айтар алғысытары мен рахметі көп.



Мекен-жайымыз: 040800, Алматы облысы, Қапшағай
су қоймасының солтүстік-батыс жағалауы, Қапшағай
қ. «Балдәурен» РОО

Байланыс телефоны: 8(72772) 5-02-55, 5-02-50

Электрондық пошта: kapshagay.baldauren@mail.ru